

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

Жарналардың дифференциалды мөлшерлемелерін есептеу және методологиясы
департаменті

2015 жылдың 4-тоқсанындағы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ




Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

2015 жылдың қорытындысы бойынша банк шоттарындағы жеке тұлғалардың депозиттері 55% өсіп 6,9 трлн. жетті. Ақшалай нысандағы өзгеріс 2,44 трлн. құрады. Жыл бойы жеке тұлғалар депозиттері нарығындағы алғашқы бестіктегі позиция келесі банктердің еншісінде болды: *ККБ* – депозиттік базадағы үлесі 20,7%-ға тең, *Халық Банкі* – 20,6%, *Каспи Банк* – 9,4%, *БЦК* – 8,0% және *Цеснабанк* – 7,3%.

Жеке тұлғалардың депозиттік базасының мұндай өзгерісіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ұлттық валютаны еркін қолданысқа жіберуі өз септігін тигізді. Осылайша, депозиттер базасының ұлғаюын шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері қамтамасыз етті: талап етілгенге дейінгі депозиттер 46,3%, мерзімді және шартты депозиттер 82%, ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтары 79,6%.

Диаграмма 1. Жеке тұлғалардың депозиттері өзгерісінің динамикасы (%)



Қатысушы банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесі 91,4% немесе 6,3 трлн., тоқсандық ұлғаюы 20% болатын *мерзімді және шартты салымдардан*, жалпы үлесі 8,3% немесе 570,6 млрд. және тоқсандық өзгерісі +21,6% болатын *ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан*, және жалпы үлесі 0,3% немесе 19 млрд. болатын *талап етілгенге дейінгі салымдардан* тұрады.



Диаграмма 2. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (%)



Қатысушы банктердің жиынтық қоржынының 20%-ын (немесе Т1,4 трлн.) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдарының** тоқсан ішіндегі өзгерісі +Т65,7 млрд. құрады. **5 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде Т954,2 млрд. немесе жеке тұлғалар депозиттері жалпы қоржынының 13,9% құрады. **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдар** Т3,96 трлн. немесе жеке тұлғалар депозиттерінің 57,6% құрап отыр.

Талап етілгенге дейінгі салымдарының тоқсандық өзгерісі –Т2,6 млрд. (-11,8%) құрады. **Ағымдағы және карт-шоттардағы** жиынтық қалдықтары бойынша өткен тоқсандағыдай оң өзгерістер болды және +Т101,5 млрд. немесе +21,6% құрады.

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша Қор өтеуге қажетті кепілдік берілген өтемнің мөлшері 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша Т2,8 трлн. жетті. Сонымен бірге, есеп беретін күнге Қордың арнайы резерві Қордың жарғылық капиталының қаражатын есептемегенде Т270,1 млрд. құрады. Қажет болған жағдайда, арнайы резервінің тапшылығы кезінде Қор акционерінің рұқсатымен Қор жарғылық капиталының 70% қолдануға болады. Мұндай жағдайда Қордың арнайы резерв мөлшері Т377,5 млрд. немесе кепіл берілетін жиынтық соманың 13,4%-ын және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар депозиттері жиынтық қоржынының 5,5%-ын құрайды.

2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы *Наурыз Банкі* бойынша Т679,6 млн., ал *Валют-Транзит Банкі* бойынша Т17,292 млрд. құрады. Қордың *Наурыз Банкінің* ликвидациялық комиссиясынан кепілдік берілген өтемі төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері Т679,4 млн. немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 88,0%, ал *Валют-Транзит Банкі* бойынша Т8,813 млрд. немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 47,98% өндірілді.

2015 жылдың шілде айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты Қор *Валют Транзит Банк* салымшыларына қосымша өтем төлеу процесін бастады және ол бүгінгі күнге дейін жалғасуда.



**2016 жылдың 1 қаңтарына сәйкес
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы**

№	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	4- тоқсандағы өзгерісі (мың теңге)	Шоттардың саны
1	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	6 879 125 221	1 149 060 775	23 856 470
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	19 005 266	-2 550 884	1 027 314
1.1.	<i>теңгемен</i>	4 682 002	135 819	986 588
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	14 323 264	-2 686 703	40 726
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	8 227 986	-4 011 968	94
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	6 289 563 585	1 050 072 020	2 858 415
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	1 026 541 008	10 911 015	2 148 974
	1 млн. теңгеден аспайтын	283 751 363	20 132 067	1 897 582
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	305 675 849	1 976 305	186 883
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	144 484 596	-699 515	37 922
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	134 215 844	5 831 831	20 720
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	37 382 860	1 952 401	3 207
	15 млн. теңгеден жоғары	121 030 496	-18 282 074	2 660
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	5 263 022 577	1 039 161 005	709 441
	1 млн. теңгеден аспайтын	95 551 318	-5 084 992	352 571
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	274 675 593	-3 707 181	152 627
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	271 978 800	53 069 872	70 636
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	510 853 683	74 949 300	72 969
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	271 707 801	64 321 952	22 708
	15 млн. теңгеден жоғары	3 838 255 381	855 612 053	37 930
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	517 805 663	130 368 891	2 142
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	570 556 370	101 539 639	19 970 741
3.1.	<i>теңгемен</i>	402 003 764	71 693 345	19 198 467
3.2.	<i>шетел валютасымен</i>	168 552 606	29 846 294	772 274
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	6 915 922	3 689 381	50 968